

Уақыт талабы

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласы жер-жерде қызу талқылануда. Мақаланың "Таяу жылдардағы міндеттер" атты екінші бөлімінде қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру қажеттігі атап көрсетілген

Латын жазуына, яғни әліпбиіне көшу жайлы әңгіме елімізде бірнеше мәрте көтерілген болатын. Өткенге кез жүгіртсек, латын әліпбиіне көшуге байланысты түрлі жобалар ұсынылған. Атап айтсақ, Нәзір Төреқұловтың, Халел Досмұхамедұлының, Мұхтар Мырза-ұлының, Телжан Шонанұлының еңбектері талқыланған. Осындай іс-шаралардың негізінде жазу әдісі 1929 жылы латын әліпбиіне көшірілді. Бұл жазу тек 1940 жылдарға дейін ғана сақталып, одан әрі кириллица жазуын қолдана бастадық. Бұл бір жазудан екінші жазуға көшу еш қиындық туғызбайтынын көрсетсе керек.

Бүгінгі күні осы мәселеге қайта оралып отырмыз. 90-шы жылдардың басынан бері латын жазуына көшуге байланысты пікірлер, жобалар талқыланғанымен, нақтылы бір шешім қабылданбады. Тек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсандағы "Қазақстан - 2050" Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында "Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерін-де біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе тусуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады", - дегеннен кейін ғана сең қозғалды деуге болады. Қазір қазақ тіліне арналған латын әліппесінің 100-ге жуық нұсқасы бар.

Ендігі мәселе латын графикасына байланысты көп жобалардың ішінен біреуін таңдап алу. Бұл өте қиын және жауапты шешім.

Білім және ғылым министрлігінің мамандары бұған дейін латын әрпіне көшудің ғылыми негізделген жолын ұсынды. Сол бойынша алғашқы кезең 2007-2012 жылдар шетелдік тәжірибені зерттеуге, 2012-2014 жылдар алфавитті қалыптастырып, компьютермен жарактандыруға арналды, ал 2015-2017 жылдар оқулық жазып, оны енгізуге және әдебиеттерді аударуға жұмсалуды тиіс. Сондықтан қазіргі уақытта латын жазуына көшеміз бе, көшпейміз бе деген сұрақ туындамау керек. Ендігі кезекте латын әліпбиіне көшуге байланысты іс-шаралардың ұйымдастырылуына назар аударған жөн. Сондай-ақ, халықтың латын әліпбиіне көшуге байланысты туындаған екі ұшты ойларын басатындай түсіндіру жұмыстарын жүргізуіміз керек. Өйткені, жұртшылық латын әліпбиіне көшуді латынша жазу және латынша сөйлеу деп түсініп жүргендері белгілі. Мұны осы мәселеге қатысты ақпараттың әлі де толық күйінде жетпеуінен деп те түсіну керек сияқты. Латын әліпбиіне көшуді, бірден бәрі латын жазуына көшіріледі деген сөз емес, латын мен кириллица жазуы қатар жүріп, латынға бірте-бірте көшірілетінін ескерген жөн яғни жаңа жазуға үйренетіндей уақыт беріледі. Ол үшін атауларды, мақал-мәтелдерді және тағы басқаларын латын жазуымен беру керек. Сонда латын жазуы қоғам өміріне біртіндеп сіңе бастайды. Бұларды алғашқы іс-шаралар десек. қалған жүйелі түрде жалғаса беруі тиіс. Латын жазуына көшу қыруар қаражат қажет етеді деп те жататындар бар. Менің ойымша, еліміздің болашағы үшін қажетті қаржыны жұмсау тиімсіз болмаса керек.

Жаңа жазуға көшумен қатар қазақ тіліне бірқатар өзгерістер енгізу қажет екені жөнінде де тіл мамандары көптен бері айтып жүр. Мәселен, дауысты "и", "у" әріптерінен мүлде бас тартуымыз керек. Өйткені, бұл екеуі кириллица жазуына көшу кезінде ықтиярсыз енгізілген болатын. Сондықтан осы екі әріпке байланысты тіліміздің заңдылықтарына нұқсан келтіретін тұстар да аз емес. Солардың бірі - сөз ішінде екі

дауыстының қатар келуі. Қазақ тілінде сөз ішінде екі дауысты қатар келмейді. Тек біріккен сөздерде ғана екі дауысты қатар келуі мүмкін. Алайда, айтылу кезінде олардың біреуі түсіп қалады. Мысалы, Сарыарқа (сарарқа). Бірақ "и", "у"-ға байланысты: "буын", "жуын", "суық", "қуан", "ине", "киім", "қиын" деп жазып жүрміз. Бул сөздердің бұлай берілуінен қайшылықтарды көруге болады. Біріншіден сөз ішінде екі дауыстының келуі, екіншіден "буын", "жуын", "суық", "киім", "қиын" деген сөздерде екінші буын дауыстыдан басталады, екінші буыннан бастап сөздің соңына дейін буын дауыссыздан басталу керек, үшіншіден бұл сөздердің жазылуы мен айтылуына байланысты қосымша ережелердің берілуі, яғни "у"-ға байланысты сөздерде дауыссыздан кейін "у" дауысты болады, жуан сөздерде "уу" жіңішке сөздерде "уу" түрінде айтылады деген көп артық сөзді есімізге сақтауымыз керек. Сол сияқты, "и"-ге қатысты да осыны айтуға болады. Егер "и", "у"-ды дауыстылардың қатарынан алып тастасақ, жоғарыда айтылған олқылықтарымыз түзелер еді. Бұл сөздер "жұуын", "сұуын", "бұуын", "сұуық", "ійне", "кійім", "қыйын" болып жазылуы керек және солай жазылған

Ең бастысы дауыстыларымыздың санын түгендеп алар едік, яғни бір таңбаға бір дыбыс сәйкес келу қағида талабы орындалар еді. Қазақ тіліне тән 9 дауыстының сыртынан "и", "у", "э", "ю", "ё" таңбаларын қосудың еш қажеті жоқ. Сондай-ақ, латын әліппесіне көшетін болсақ, қазақ тілінің табиғи ерекшеліктері ескерілуі қажет. Бұл - маңызды және басты мәселе. Яғни, қазақ тілінің сингармонизм заңдылығының бұзылғанын жиі естіп жүрміз. Мысалы, "өлең", "жүрек", "өмір", "дүкен", "нүкте", "көбелек" деген сөздер алғашқы буындағы еріндік дауыстылардың ықпалымен "өлең", "жүрек", "өмүр", "дүкен", "нүктө", "көбелөк" болып таза қазақы дыбысталуы керек. Ал біз бұл сөздерді қалай айтып жүрміз? Сондықтан осы кемшіліктеріміздің орнын толтыру үшін сөздердің заңдылыққа сай дыбысталуы бойынша таңбалануын ескерген жөн. Сонда біз қазақтың әліпбиің таңбасың емле-ережелерін ғана жаңартып қоймай, өзіміз жоғалтып алған қазақ сөздерінің үндесімің әдемі әуезді сөзің қазақтың дыбысын да қайтарып алар едік. Олай болса, латын әліппесіне көшуде ұлттық тіліміздің қасиетің әуенің бояуын сақтап қалу мәселесі оң шешіліп, қазақ тілін жаңғырту басты назарда болу керек.

Сонымен латын жазуына көшуде бір дыбыс, бір әріп қағидасы сақталады. Кірме әріптерден арыламыз және оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым әліпбиіміз қалыптасады. Латын әрпін қолдану-бұл заман талабы.